




# JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

## ҒАЛАМ – АЛАҢ

**Бұл құстың атауы тілімізде «ақ» сөзінен ажырағысыз. Әйтпесе, оның сұр немесе қара түсті түрлері де бар. Соңғысын біреулер «қарақу» деп жазып жүр. Даламызда кездеспегендіктен, сөздік қорымызға сіңбегендіктен құлаққа тосын, қабылдауға қиын.**



### ЖАМАНАТ ЖАРШЫСЫ

Басқалар «қара» сөзін қолданады. Зоологияда емес. Пәлсапада. Ежелгі Римдегі ақын әрі сатирик Иувеналдан «Жер бетінде кездесуі екіталай қара аққу сияқты сирек құс» деген сөз қалған. Оқымысты ықтимал кесапатты осы тенеумен түсіндіріпті. Ал орта ғасырлардан бастап бұрын-соңды болмаған апат пен құбылысты «қара аққумен» сипаттайды. Сонау он жетінші ғасырдың соңына дейін. 1697 жылы Австралияға барған голланд саяхатшысы Уиллем де Вламингх табиғатта әлгі құстың қара түрі бар екенін жалпақ жұртқа жария етті.



## «ҚАРА АҚҚУДЫҢ ҚАЙТЫП КЕЛУІ»

Ал өткен ғасырдың соңына таман black swan (қара аққу) экономика мен қаржы жүйесіндегі теорияға айналды. Тегі лубнандық американдық қаржы профессоры Нәсим Тәлибтің (Nassim Nicholas Taleb) «Қара аққу». Болжап болмайтын құбылыстың ықпалы» атты зерттеу еңбегі экономиканы күтпеген соққымен есенгіретіп кететін белгісіз күштерге арналған. Автор Американың қаржы жүйесін астан-кестен еткен 1987 жылғы дағдарысты алдын ала ескерткен көрінеді.

Міне, сол Нәсим Тәлиб жуырда қазіргі ахуалға қатысты өз пікірін ортаға салды. Қаржыгердің ойынша, қоғам мұндай оқиғалар мен құбылыстарға қарсы тұра алатындай болуы үшін өзінің осал тұсын анықтайтын жүйе қалыптастыруы

тиіс. Ол «Біз пандемия алдында әлсіз едік. Қазір адамдар мұны жақсы біледі. Қаржы бойынша осал тұсымыз бар. Жұрт бұдан да хабардар. Табиғатпен де сондай. Енді біз ГМО (генетикалық-модификациялық азық) жөнінде аландауымыз қажет. Біздің әлсіздігіміздің бір көзі солар. Адамдар енді соған назар аударалы» дейді.

Бәзбір экономистер ғайыптан келген кеселдің экономикаға ықпалын «қара аққудың қайтып келуі» деп сипаттайды. Расында, шекаралар жабылып, жер-жиһандағы шаруашылықтың тоқтап қалуы тарихта әлі кездеспеген. Тіпті АҚШ-ты тура 10 жыл бойы тұралатқан Ұлы Тоқырау (Great Depression) кезінде де еңбек көрігі дәл бұлай суымап еді.

(Жалғасы 2-бетте)

## ӨЗЕКТІ

Қазіргі кезеңде мемлекеттің қолдауын алуға тиіс тізімде өнім өндіретін кәсіпорындар болмай шықты. Есесіне, монополистер көп. Осылай деп дабыл қаққан депутат Азат Перуашев Премьер-Министрдің атына сауал жолдады. Халық қалаулысы жүйе құраушы кәсіпорындар Реестрінің соңғы үлгісін талқылаудан алып тастаудан өтінді. Оның айтуынша, бұл тізімге ең қажетті тұтыну тауарларын өндіретін кәсіпорындар енген.

Жуырда ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов Төтенше жағдай жөніндегі Мемлекеттік комиссияға жүйе құраушы кәсіпорындар Реестрін ұсынды. Бұл тізім жұртшылық пен Парламент тарапынан қатал сынға ұшырады.

Онда ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, азық-түлік, киім-кешек, балаларға арналған, медициналық, гигиеналық және жеке қорғаныс құралдарын шығаратын кәсіпорындар, яғни ең қажетті тұтыну тауарын өндірушілер мүлде жоқ.



Азат ПЕРУАШЕВ, Мәжіліс депутаты:

## БҰЛ МОНОПОЛИСТІҢ ТАБЫСЫН ҚОРҒАУ МА?

Реестр жобасы салалық министрліктің экономикалық процесстерді кешенді түсінбегенін айғақтайды. Бұл – салалық монополистердің тізімі. Оған тіпті бәсекелестері де кірмеген. Мәселен, құрылыс магнаттары тізімде болғанымен, құрылыс материалдарын өндірушілер атымен жоқ.

Сондай-ақ Реестрде барлық автоқұрастырушы кәсіпорындар бар. Тек Өскемендегі зауыт еңбепті. Ал ол елімізде ең алғашқы болып автокөлік құрастыруды бастаған зауыт. Бүгінгі күні өндірістің толық айналымын қамтитын кешен салып жатыр. Құрылыс саласы одағының дерегінше, Реестрге үстем компаниялармен кірікпеген сегіз жетекші компания да енгізілмеген. Кәсіпорындарды таңдауда министрліктің қандай критерийлерді басшылыққа алғаны түсініксіз.

2011 жылы Үкіметтің 2007-2009 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы бағдарламасы негізінде экономикалық даму, индустрия, қаржы және ауыл шаруашылығы министрліктерінің «Жүйе құраушы кәсіпорындарға жатқызылатын критерийлерді бекіту туралы» бірлескен бұйрығы шыққан болатын. Оған сәйкес, кәсіпорын орта не ірі бизнеске тиесілі және бір саладағы жалпы өнеркәсіп өнімі көлеміндегі үлесі 0,1 пайыздан кем болмауы тиіс.

Сонда министрлік бұл туралы білмей ме?

Есесіне, ол Реестрге ұлттық компанияларды, сондай-ақ негізінен мемлекеттік сатып алу арқылы табыс табатын компанияларды енгізген. Одан гөрі ашық бәсекелестік жағдайында жұмыс істейтіндерге қолдау көрсеткен дұрыс болар?

Жұмыс орнын сақтау және отандық тауарларды сатып алудан басқа, бизнестің қарсы міндеттемелері, біздіңше, мынадай болуы керек: Бағаны арзандату, соның ішінде құрылыс нысандары мен тұрғын үй, коммуналдық қызмет пен әуе билеті, сауда алаңдары және т.б. тарифін төмендету. Егер компания қоғамның осындай қажеттіліктерін орындай алса, ол мемлекеттік қолдауға мұқтаж емес. Ондай жағдайда, мәселен, құрылыс компанияларын емес, мұқтаж жандардың ипотекасын тікелей субсидиялаған дұрыс болар еді.

Мемлекет үшін қайсысы маңызды: монополиялар табысын қорғау ма, әлде миллиондаған адамды құтқару ма? Мұндай жағдайда АҚШ және еуропалық елдер корпорацияларды емес, шағын және орта бизнесті құтқарады. Себебі қоғамның басым бөлігін құрайтын да солар – орташа дәулеттілер.

Реестрге қатысты қоғамдық пікір экономика ғана емес, елдің де, қоғамның да өзгергенін көрсетіп берді. Бұл енді мемлекеттік мекемелер мен министрлер санасатындай шындық.

## МӘСЕЛЕ

## ҚЫЗЫЛ СУДЫҢ ҚАТЕРІ СЕЙІЛДІ



**Жыл сайын қайталанып тұратын қарғын судың қауіпін біржола сейілітіп, алдын алуға болмас па екен. Қызыл судың салдарынан келетін материалдық шығын өз алдына, су тасқынын алдын алуға қаншама қаражат жұмсалады. Бірнеше жылдан бері қайталанып келе жатқан осы жағдайға жұмсалған ақшаға өзен жиегіндегі беріктігі күмәнді бөгет түгілі, алтынмен аптап, күміспен күптеп қорған соғып тастауға болар еді.**

Кешегі кеңес заманында көктем тыныш болатын. Өзен, көл, қар суы қауіп төндіре қоймапты. Сол заманда қолымызға қалам ұстаған журналист едік. Облыстық газетте қызмет еткенбіз. Бірақ «пәлен жерді су басыпты, түген өзен тасыпты» деген ақпаратты жазбақ түгілі, оқып көрген

жопқыз. Кейінгі жылдары шықты. Есіліп аққан Есіл тұрмақ, есік алдындағы алты жасар бала аттап өтетін жыра да таси бастады. Есесіне, мемлекет тарапынан жанағы тасыған өзеннің суындай қып-қызыл қаражат құйылып жатыр. Жыл сайын инертті материалдар салынған миллиондаған қап дайындалып, көктемгі қар суымен бірге еріп кететін бөгеттер тұрғызылады.

Осындай құны пәленбай миллион тұратын қорған соғып, онысы өтірік болып шыққан Атбасар ауданының бір әкімі Андрей Никишов пәленбай жылды арқалап кете барды. Жалғыз ол ғана емес, талайдың мұрты майланған шығар.

(Жалғасы 3-бетте)

## ӨЗ ОЙЫМ

## «КҮЛ БОЛМАСАҢ БҰЛ БОЛДЫҢ» КЕРІ

Алматының экономикалық тергеу департаменті лотерея ұйымдастырғандарға «алаяқтық» бабы бойынша тергеу басталғанын мәлімдеді. Сөйтсек, әлгілер көліктерді жалға алыпты, ұтысқа тігілген пәтер де жалған. Заңның аты заң, карантин талабын орындамағаны үшін, алаяқтық іске араласқаны үшін өнші жігіт ойын үстінде ұсталды.



(Бұл туралы 3-беттен оқыңыз)



## БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)  
**26,03**

DOLLAR  
**429,41**

EURO  
**466,08**

РУБЛЬ  
**5,83**

## БАЛА БЕЙНЕ

Сағат ЖЫЛГЕЛДИЕВ,  
Қазақстанның еңбек  
сіңірген өртісі:



«МАГАЗИН  
ЗДРАСТУЙТЕГЕ»  
БАРАМЫН ДЕП...

(Бұл туралы 8-беттен оқыңыз)



# 7 КҮН 168 САҒАТ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

## ҒАЛАМ – АЛАҢ

(Басы 1-бетте)

### ЕРТЕНДІ ОЙЛАУ

Коронавирустан кейінгі өмір қалай болмақ? Көптің көкейіндегі бұл сауалға жауап санқилы. Дегенмен бір арнада тоғысатын пікір де жоқ емес. Ол – дүниенің өзгеретіні, жағдайдың мүлдем басқаша сипат алатыны, көп нәрсе тіршілік тірегі – экономиканың ендігі беталысына байланысты бағатыны жөнінде. Олай дейтіміз, жойқын кесел жұмыссыз қалған

жетілдірілген нұсқасын өндіре алатын отандық медицина өнеркәсібі ауалай қажет боп тұр.

Коронавирустан кейінгі кезеңде ішкі мүмкіндігі мол, өзін-өзі толық қамтамасыз ете алатындардың көші түзу, сұрлеуі тегіс. Мұнай сияқты шикізатқа тәуелді елдер дереу диверсификация (экономиканы әртараптандыру) жасамаса, хәлі мүшкіл. Аузы дуалы ақылгөйлер осылай дейді. «Қара алтын» бағасы құлдыраған алдыңғы дағдарыста-ақ бұған көз жеткізгенбіз. Бірақ, өкінішке қарай, бұл бағыттағы

кездегі өңгіме. Импортты алмастыру арқылы жана жұмыс орнын ашу, дайын өнім өндіру өткір көкейкесті міндетке айналған қазіргі тұста Руслан Дәленов басқаратын ұлттық экономика министрлігі бұл мәселеде үнсіз. Ессесіне, осы мекеме мемлекеттің қолдауын алуға тиіс жүйе құраушылар тізіміне тауар өндіретін кәсіпорындарды емес, сауда орындары, қымбат көлік сататын автосалон мен зәулім үйлер салатын компанияларды енгізді.

Нәсим Тәлиб пандемиядан кейін рурализация (адамдардың жатпай қаладан ауылға кетуі) сияқты үрдістің басталуы мүмкін екенін ескертті. Бұл урбанизацияны насихаттап жүргендердің болжамына мүлдем қарама-қайшы. Егер ғалымның айтқаны келіп жатса, ауыл шаруашылығының маңызы артты. Осы орайда үндеуге үн қосуға үйір біздегі көп саясаттанушының арасында ұтымды ұсынысы, терең талдаумен дараланып тұратын Рахым Ошақбаевтың пікіріне

## Әлеумет.т<sup>0</sup>

### ТӨЗІМДІ БОЛАЙЫҚ

15 наурызда елімізде коронавирус жұқтырғандар саны сегіз еді. Сәуірдің аяғында үш мыңнан асты. Карантин енгізбегенде, дертке шалдыққандар бұдан да көп болар ма еді, кім білсін. Өйткені сақтық шараларын кешеуілдеткен елдердің алған сабағы ашы.

Тәжтажал қай мемлекет үшін де ауыр сынға айналды. Бейбіт өмірдегі (уа, солай деуге тура келеді, себебі қазіргі жағдайды кейбір сарапшылар үшінші дүниежүзілік соғысқа теңеп отыр) үйреншікті нәрсенің қалірі артты. Әсіресе, қайда барғын келсе, сонда тартып кететін еркіндікті айтсаңшы!

Мойындау керек, коронавирус көп нәрсенің бетін ашты. Тоқ жылдар бізді төзімнен жұрдай етіпті.

Өткенде көрші елден 200-ге жуық студент оралды. Әлбетте, келе сала карантинге жатқызылды. Көп ұзамай біреулері байбаламға басты: «Тамағы дәмсіз, төсегі қатты, тарақан өліп жатыр» деп. Шіркін-ай, «14 күн тегін тамақ, мамық болмаса да жатын орным бар, байғұс тарақан да өліп қалыпты, шүкір» демеді. Жарайды, оны бала дейік. Шетелден келгенде окшауланған үп-үлкен апамдар да бешжұлдызды қонақ үйді ансап, бұртиған жоқ па? Бұл енді барып тұрған кесірлік. «Елге аман-есен оралдым, аяқ-қолымды жерге тигізбей алып келген айналайын үкімет» дегендер аз.

Түрлі себеппен шетелде жүрген қандастарымыз қиналған кезде «бізді тездетіп әкетіндер», «мына жақта ала көзімен қарайтындар көбейді», «ақшамыз таусылды, қарнымыз ашты» (демалуға барғандар) деп жамырасты. Бұған дейін елді жамандап, сыбайтындарын (бәрі емес, әрине) ұмытып кетті. Обалы нешік, сыртта оқып жүрген, демалуға барған т.б. деп бөліп-жармай, жер-жерге арнайы ұшақ жіберіп, отандастар елге әкелінді. Қайда жүрсен де, арқа сүйейтін мемлекетің бар екенін, одан кез келген уақытта көмек сұрай алатыныңды, оның саған қол ұшын беретінін сезіну қандай бақыт екенін солар білді ме екен?!

Бұл індет өзіншілдіктің өршігенін де байқатты. Вирус жұқтырғандардың аты-жөні неге айтылмайды деп танданып жүрсек, оның себебі бар екен. Маскара болғанда, дертке шалдыққандар өлімнен емес, адамнан сескенетін болыпты. Әсіресе, тұтас подвезд немесе үйдің карантинге жабылуына себепші болғандардың жағдайы мүшкіл. Көрші-қолаң көзімен атып, туған-туыс жолауға қорқанды. Жасыратыны жоқ, AIDS /СПИД-ке шалдыққандарға үрке қарайтын әдеттен әлі арылған жоқпыз. Енді оған коронавирус қосылды ма? Мамандардың сөзіне сенсек, бұл вирустан жуық арада құтылмаймыз. Оған бейімделуге тура келеді. Жұқтырып алмасына да кепілдік жоқ. Сондықтан қараптан-қарап жауығудың орнына төзімді болайық.

Карантин енгізілгеннен бері эколог біткен «ауа тазарды» деп бөркін аспанға атып жатыр. Сол сияқты, әр адамның тәубеге келіп, жандүниесін тазартатын сәт туып, білем. Бәлкім, тәжтажал сол үшін берілген мүмкіндік?

Гүлнар АХМЕТОВА

# «ҚАРА АҚҚУДЫҢ ҚАЙТЫП КЕЛУІ»

жұртына әлеуметтік көмек беруге қауқары бар елдердің дағдарысқа қыңбайтынын көрсетті. Қазақстан қаржылай қоры бар осындай мемлекеттер қатарында. Газетімізде Жүсіп пайғамбардың өрестегі жартысы семіз, қалғаны көтерем өгіздерге қатысты түсті жоритыны туралы тәмсілді тілге тиек еткенбіз. Біздегі «бәрін білетін бөспеп» сарапшылардың ұсынысына қарамастан, мұнайдан түскені қаржыны бүгін жұмсап тастамай, ертенді ойлау ең дұрыс шешім болды.

Жинаған қоры жоқ елдер сырттан көмек сұрауға мәжбүр. Кесел өршігенде Өзбекстан бюджетті қолдау мақсатымен Азия даму банкінен 1 млрд доллар сұрады. Ал қырғыз елі Халықаралық валюта қоры (IMF) мен Дүниежүзілік банктен жалпы сомасы 132 млн долларға жететін несие алды. IMF қаржысына байланып, осы қордың қиын талабын орындауға мәжбүр Украина ақыры жер сатуға рұқсат беретін заңды қабылдады. Елде карантин жарияланғандықтан оппозицияның айқайы көшеге жетпей, көмейде қалды. Ессесіне, Батыс мемлекеттері мұны тарихи шешім деп бағалап, құттықтауын жаудырып жатты.

### ҚАРАПАЙЫМ БҰЙЫМНЫҢ ҚИЫН ЖОЛЫ

Тәжкесел әлемдік нарықтағы дағдарыс кезінде көрінетін осал тұсымыз бен апаттан соң дабыл қағатын әдетімізді тағы да еске салды. Соңғысына келсек, медицинадағы вирусологияға, осы салада кәсіби біліктілігі жоғары маман дайындауға жете көңіл бөлінбегені білініп қалды. Қорқынышты кесел адам баласын әлі де біраз әурелейтін секілді. Сондықтан шеттен қыруар қаржыға әкелінетін дәрі-дәрмектің түр-түрін, өкпенің жасанды жолмен тыныс алуын қамтамасыз ететін құрал, ауруды жылдам анықтайтын сапалы тест, бетперденің



қарқынымыз баяу. Дайын өнім, тіпті, дәке секілді қарапайым заттарды шығару әзірге тек жоспарда. Ал мақтасын кәдеге жаратып, жеңіл өнеркәсібін жандандырған көрші өзбек сол бетпердені гуманитарлық көмек ретінде Ресейге беріп жатыр. Мақта бізде де өседі. Қазақ бетперде ғана емес, киім-кешектің түр-түрін тіге алады. Тек жағдай жасалса. Жакында Сенатта елімізде жеңіл және тамақ өнеркәсібін аяқтан шалатын кедергілер туралы сөз болды. Аталған салаларды дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама қажеттігі айтылды. Алайда тәжірибе көрсеткендей, біздегі бағдарламаларда мін жоқ, тек оны орындау тетігінде кемістік көп. Қайсыбірінің жартыкеш қалатынында содан. Бұл істе жауапты тұлғалардың бәрі бірдей ынталы деуге тағы келмейді. Бір мысал. Білдей министрдің орынбасары импортқа деген құштарлығын жасырмай, бұйымды сапасыз деп отандық жеңіл өнеркәсіпті оңдырмай сынапты. Бұл шекара жабылмай тұрған

тоқталған жөн. Ол ендігі жерде отандық экономиканы өрге сүйрейтін күш деп ауыл шаруашылығын атады. Білетіндер айтады, бір ғана Жетісу өңірі елімізді былай қойып, көршілес елдерді жеміс және көкөніспен қамтамасыз ете алады. Дәл қазір емес, әрине. Өйткені ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдері алманың жартысына жуығы сырттан келетінін атап өтті. Әйтсе де, алдағы 3-4 жылда импорттан құтылуға болатын көрінеді.

Билік карантиннен кейін экономикаға мықтап көңіл бөлетін сияқты. Биік мінберден адам капиталының маңызы, бізге саны бар да сапасы жоқ топ-менеджерлер емес, тыннан түрен сала алатын батыл менеджерлер қажет екендігі айтыла басталды.

Ал қайта келетін «қара аккумулятор» қамданбағанның қапы қалатынын ескертті.

Срайлы СМАЙЫЛ,  
шолушы



**Олжас ОРДАБАЕВ,**  
«Атамекен»  
ҰҚП басқарма  
төрағасының  
орынбасары:

«Атамекен» ҰҚП зерттеуі бойынша, 2019 жылдың соңы мен 2020 жылдың басында жоғары білімді мамандардың саны қажетті сұраныстан 5,3 есе асып түсті. 600 мыңдай жұмыс беруші арасында жүргізілген сауалнама осыны көрсетті. Елімізде агрономия, құрылыс, менеджмент, есеп пен аудит бойынша жоғары білімді маман тапшылығы байқалады.

Ауыл шаруашылығы мамандары да жетіспейді. Өкінішке қарай, жоғары білім алған түлектер, атап айтқанда, агрономдар мен мал дәрігерлері ауылға аттап баспайды».

**Аптаның айтары**



**Рахым ОШАҚБАЕВ,** «Талап» қолданбалы зерттеулер орталығының директоры:

«Карантиннен кейін бізді экономикалық тығырықтан алып шығатын салалардың бірі – ауыл шаруашылығы. Алайда бюрократиялық процедураларға байланысты қаржыландыруға қатысты шешімдер кешеуілдеп қалды. Бұл бағытта жұмысты барынша жеделдету керек.

Банк бөріне, әсіресе шағын және ұсақ бизнес өкілдеріне ақшаны уақытында жеткізе алмайды. Сол себепті мүлде жаңа амал-әдіс керек. Қазіргі дағдарыстың сипаты өзгеше. Тіпті қазір елде Агробанк ашуға дейінгі қадамдарға барған жөн болар. Несие беретін ауылшаруашылығы саласындағы ұйымдардың бәрін бір қаржы ұйымына біріктіріп, сол арқылы кәсіпкерлерді төмен пайыздық несиемен қолдаған жөн. Кепілдік қалдыру тәртібінен кетіп, нақты бизнес-жоспарларға қаражат аудару керек».

**Инфографика**

**АЗАМАТТАР:**

Түскен өтініш – **1 844 599**

**НЕСИЕНІ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРУ**

Мақұлданғаны – **1 661 232**

Ақшаға шаққанда – **237 млрд 400 млн**

**КӘСІПКЕРЛЕР:**

Түскен өтініш – **11 561**

**БЕРІЛГЕН НЕСИЕ:**

Мақұлданғаны – **246**

Ақшаға шаққанда – **62,5 млрд**

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

**4,28 МЛН**

ОТАНДАСЫМЫЗ  
42 500 теңгеден алды

**5163**

елді мекен кең жолақты интернетпен  
қамтамасыз етіледі

**16**

халықаралық деңгейдегі көпбейінді  
аурухана салынады

**700**

қарағандылық көп балалы отбасы  
баспаналы болады

Дерек көзі: КТК





**Шымкент күн артқан сайын көпқабатты тұрғын үйлер мен алыстан көз тартатын құрылыс нысандарымен толығып, көркілі жерлерінің саны көбейіп, көркейіп келеді. Шырайлы шаһарда құрылыс қарқыны бәсеңдеген емес. Тіпті әлемді жайлаған пандемияның өзі күнгедейді құрылыс жұмыстарына қолбайлау бола алмады. Қала басшысы Мұрат Әйтенов барлық мүмкіндікті қарастыра отырып, жұмысты жүйеледі. Азаматтардың қауіпсіздігін басты назарға алып, үйінде бос жатқан, қолынан іс келетін мамандарды еңбекке көптеп тартып, жұмыспен қамтып отыр.**

## ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ҚАЛА

2020 жылы қалалық құрылыс басқармасы арқылы 104 инвестициялық жобаның құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде 58 жоба, яғни 78-і тұрғын үй, 20-сы инженерлік инфрақұрылым, 13-і білім беру, 3-і абаттандыру, 2-і мәдениет, 3-і спорт, 3-і ауыл шаруашылығы, 1-і әкімшілік ғимарат және 1-і өрт сөндіру депосы.

Қалалық құрылыс басқармасының басшысы Ербол Ахметовтің айтуынша, құрылысы жүріп жатқан 78 көпқабатты тұрғын үйдің 19-ы арендалық болса, 59-ы несиеге арналған. Аталған тұрғын үй құрылысына жалпы саны 2 мыңнан астам жұмысшы жұмылдырылған. Құрылыс нысандары мерзімінде пайдалануға беріледі.

— Нәтижесінде, жыл соңында 1144 отбасы арендалық баспанамен қамтылады, — деп атап өтті құрылыс басқармасының басшысы Ербол Ахметов.

Сонымен қатар, «5-10-20» пилоттық жобасымен және «7-20-25» бағдарламасы аясында салынып жатқан несиелік үйлердің 51-і пайдалануға берілмек.

Бұдан бөлек, мегаполисте 8,5 млрд теңгеге 7020 орынды 13 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Жыл қорытындысында 4500 орынды білім мекемесі пайдалануға беріледі. Қалған 6-ы келесі жылға өтеледі. Қазіргі таңда 12 нысанның құрылысы жүргізілуде. Нысандардың құрылысына 358 жұмысшы тартылған.

Отандық және шетелдік белді құрылыс компаниялары тұрғындардың тандауына сай түрлі үлгідегі баспаналар тұрғызууда. Ендігі мақсат — осы баспаналардың сапасы мен баға қолжетімділігін бақылауға алу. Мәселен, Нұрсәт шағынауданында 21,5 гектар аумақта көпқабатты үйлер салынып

компаниясы. Басшысы Бекжігіт Төлендиевтің айтуынша, құрылысы 2018 жылы басталған нысан биыл маусым айында пайдалануға берілмек. Қала әкімі Мұрат Дүйсенбекұлы мердігер мекемеге құрылысты өз мерзімінде тапсыруды және сапалы атқаруды ескерткен болатын.

«Бірінші кезекте сапаға мән беріңіздер. Тұрғындардан сапаға қатысты шағым көп. Ең басты талап — осы. Біз тұрғын үй салушыларға әрдайым қолдау көрсетеміз. Сіздердің тараптан сапалы жұмыс істелуі керек. Әрине, құрылыс жұмыстарының қала экономикасына қосар үлесі мол. Қалаға келетін инвесторлар да алдымен құрылыс барысына мән береді», — деді қала әкімі.

Үшінші мегаполисте 16 қабатты француз стиліндегі 4

Жалпы ауданы 427 гектар, 12 орамға бөлінген. Құрылыс басқармасының басшысы Ербол Ахметовтің мәліметіне сүйенсек, мемлекет қаржысы есебінен 24,5 гектарды құрайтын 1-ші орамда жалпы құны 27 млрд теңгеге 43 нысанның құрылысы жоспарланған.

Оның 39-ы — көпқабатты тұрғын үй. 1200 орындық мектеп құрылысы бітіп тұр. Енді сол маннан балабақша салынады. Қажетті инженерлік-инфрақұрылым тартылған. Өз алдына модульді жылыту қазандығы бар. Ол мекемелер мен тұрғын үйлерді жыл он екі ай ыстық сумен қамтиды. Бүгінгі таңда «Шымкент сити» алабындағы 25 нысан пайдалануға берілген. 23 көп қабатты тұрғын үйдегі 1290 пәтер ел игілігінде.

Ағымдағы жылдың тамыз айында 1048 пәтерлі 16 несиелік тұрғын үй



үйдің құрылысы, салыну үлгісі өзгеше. Құрылысты «Оттау Строй» компаниясы жүргізуде.

Бас Инженер Әбжат Әкімовтің айтуынша, 360 пәтерлі тұрғын үй жұмыстарының негізгі бөліктері аяқталған. Қазір ішкі жөндеу және қасбетін қаптау жұмыстары жүріп жатыр. Құрылысқа 3 миллиард 955 миллион теңге қаралған. Мердігер компания тұрғын үйді Қала күніне орай тапсыруды жоспарлап қойыпты.

мен 2 инженерлік инфрақұрылым нысаны пайдалануға берілмек.

Сонымен қатар, шағын ауданда 4,3 млрд теңгеге жалпы ұзындығы 13,8 шақырымды құрайтын 7 көшенің құрылысы биыл аяқталмақ.

Шымкент қаласында 2020 жылы барлық қаржы көздері есебінен 13 636 пәтерлі 252 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Жалпы ауданы 1 миллион шаршы метрлі құрайды.

Оның ішінде, 78 тұрғын үй бюджет, 48 үй «Шымкент» ӘКК» АҚ және 126 үй жеке салушылар есебінен жүргізілуде.

Мемлекеттік инвестициялар есебінен 126 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жоспарланған. Ағымдағы жылы 107 көпқабатты тұрғын үй немесе 6 213 пәтер пайдалануға беріледі. Бұдан бөлек, нарықтан 696 арендалық пәтер сатып алынады.

Төтенше жағдайға байланысты, қаладағы құрылыс нысандарында бірқатар мамандарға сұраныс артқан. Атап айтқанда, бетоншы, қыш қалаушы, сылақшы және қарапайым дәнекерлеуші.

Қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында жұмыспен қамту орталығына сұраныс берілген.



жатыр. Мұндағы 8 үйдің іргетасынан бастап тұрғызылуына жауапты мердігер мекеме — «Арт Құрылыс»

«Шымкент сити» шағынауданындағы құрылыс туралы жеке-дара айта кету керек.

Шымкенттегі халықаралық әуежай аумағында салынып жатқан жаңа жолаушылар терминалының құрылысы қарқынды жүруде. Бұл жұмыстар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Шымкент қаласын дамыту жөніндегі тапсырмалары негізінде жүзеге асуда.

## ТЕРМИНАЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАЛҒАСУДА

Бүгінде өткізу қабілеті сағатына 2000 жолаушыны құрайтын терминалдың құрылыс-монтаж жұмыстарының алғашқы кезеңі аяқталды.

Екінші кезеңнің құрылыс жұмыстарын «Альянс Контракт Құрылыс» ЖШС жүзеге асыруда. Құрылыс жұмыстарына 110 жұмысшы, 10-ға жуық арнайы техника тартылған. Бүгінде екінші кезең бойынша жұмыстардың 43 пайызы орындалды.

Бұдан бөлек, ақпараттық жүйелер мен багаж жабдықтарын жеткізу бойынша келісімшарт жасалса, желдесатылар мен эскалаторларды жеткізу бойынша келісім түзілуде.

Болашақта әуе кемелеріне арналған перронды кеңейту жоспарда бар. Терминалға апаратын жана жол мен



инженерлік құрылым мен абаттандыру жұмыстары да бірге аяқталады деп жоспарланған.

Жауапты мамандардың айтуынша, терминалдың құрылысы биылғы жылдың соңында аяқталмақ.

Алдағы бірер жылда Шымкент маңайында жылыжай шаруашылығы дамиды. Бұл туралы осыдан бірер апта бұрын қала әкімі Мұрат Әйтеновтің жергілікті шаруалармен жүздесуінде айтылды.

## ЖЫЛЫЖАЙҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛМЕК



адам ауыспалы жұмыс орнымен қамтылған. Кешеннің жанынан жұмысшылар үшін арнайы жатақхана салынууда.

Қожалық құрылтайшысы Арман Бақытұлының айтуынша, кешенде қиярдың «Тристан», «Танто», «Мева» сорттары егіліпті. Алдағы уақытта еліміздің солтүстік, батыс

Жабық жылыжай кешендердің көлемін арттыру мақсатында «Оңтүстік» көлік-логистикалық аймағынан 136 гектар жер қарастырылған. Оның 100 гектары — өнеркәсіптік кешен. Қалғанын инфрақұрылым қамтиды.

— Жоба жүзеге асқанда, мыңдаған жана жұмыс орны ашылып, жұрт жыл он екі ай көкөніспен қамтылады, — деді қалалық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Қаныбеков.

Логистикалық аймақта қолға алынған алғашқы инвестициялық жобаның құны 2,3 млрд теңгені құрайды. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында «Таза өнім» шаруа қожалығы 9 гектар жерге жылыжай салып жатыр. Оның 3 гектары бітіп, шаруалар 370 тонна өнім алды. Көкөніс түгелдей жергілікті нарықта сатылған.

Жылыжайдың қалған 6 гектары жыл соңына дейін бітеді. Қожалықта 30 жергілікті тұрғын тұрақты және 20

аймақтарымен келіссөздер жүргізіліп, өнімді жөнелту күтілуде.

Сонымен қатар, аталған бағыттағы жылыжай өнімдерін бір орталыққа бірігу арқылы өзара кооперация құру, тауарлы партия қалыптастырылып, делдалдардың қатысуынсыз Ресейге тікелей экспорттау жоспарлануда.

Қала әкімі Мұрат Дүйсенбекұлы шаруашылық өндірген өнімді жергілікті базарларға тікелей беру жеткізіп беру жағын қарастыруды тапсырды. Жылыжайдан шыққан өнімнің келісі 400 теңгеден аспайды. Бұл отандық өнімнің сатылу құнын реттеп, жергілікті халықтың көкөністі делдалсыз сатып алуына мүмкіндік береді.

Айта кетейік, Шымкентте жылыжай көлемі 183 гектарды құрайды. Оның 53 гектары — өнеркәсіптік. Қалада бұдан бөлек, тағы 25 гектар өндірістік жылыжай құрылысы жыл соңына дейін іске қосылмақ.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Шымкентте жанар-жағармай құны 174 теңгеден 160 теңгеге төмендеді. Барлық агроқұрылымдар дизель отынын уақтылы алуда. Тапшылық жоқ.

## ЖАНАРМАЙ ҚҰНЫ ТӨМЕНДЕДІ

Қала әкімі Мұрат Әйтеновпен жүздескен шаруалар осылай деді. Шымкентте ауыл шаруашылығы өндіріспен қатар дамып келеді. Жалпы қала аумағында 62 мың гектардан астам жер бер. Биыл егіс алқабын өткен жылмен салыстырғанда 1 мың гектарға ұлғайтып, 27,6 мың гектарға жеткізу жоспарлануда.

Агросервис «БМБ» ЖШС — қаладағы ең ірі қожалықтың бірі.

Қала әкімі қожалық басшысына егістік алқаптарында заманауи суару қондырғыларын пайдалану керектігін ескертті.

Шаруашылық жетекшісі қаржылай қолдау болса, жаңбырлатып суару әдісімен аз жерден мол өнім алуға болатынын жеткізді.

Мұрат Әйтенов шаруаларға агроқұрылымда мейлінше заманауи қондырғыларды қолданып, тиімді жұмыс істеуге шақырды.

Қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының басшысы Асқар Қаныбековтің айтуынша, биыл инвестиция және несиелендіру бойынша жыл соңына дейін ауыл шаруашылығы саласында жалпы құны 7,6 млрд теңгені



құрайтын 17 инвестициялық жоба іске асады.

Оның ішінде 4 құс шаруашылығын кеңейту, 4 жылқыжай құрылысы, 2 тауарлы сүт фермасы, 2 жеміс-көкөніс өнімдерін қайта өңдеу, 1 қарқынды алма бағы, 1 ешкі сүтін өндіру және қайта өңдеу, 1 сүтті қайта өңдеуді кеңейту, 1 мал бордақылау алаңын салу, 1 қондырғы өнім өндірісі бар.

Осылайша, күнгейде шаруалар мен дикандар аянбай еңбек етуде. Бұл өз кезегінде жергілікті тұрғындарға да, ауыл шаруашылығы саласына да пайда мен табыс әкелмек.

**Бетгі дайындаған Мәрия АЙТБАЙ, Шымкент қаласы**



**Е.ТОҒЖАНОВ,**  
Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары

**Пандемия – барша мемлекеттің басына түскен үлкен сын сағатына айналды.**

**Бабаларымыздан қалған үш сынақ қағидасы бар – бақ сынағы, қиыншылық сынағы, қаза сынағы.**

**Ұлтымыз өз тарихында бұл сияқты сынақтардан қаншама рет ауызбіршілігінің арқасында өткен, адамгершілігінің арқасында халық болып жабыла көтерген. Біздің, бүгінгі ұрпақтың да алдында жұмыла көтеріп, тиімді шешімдер арқылы барлық мәселелерді еңсеру міндеті тұр.**

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Біз ТМД елдерінің арасында пандемияға қажетті шараларды алғашқылардың бірі болып қабылдадық. Карантин режимін сақтау азаматтарға оңай емес екенін түсінемін. Бірақ басқа амал жоқ.

Дегенмен біз экономикалық даму, шағын және орта бизнесті қолдау туралы ойлануымыз керек. Күнделікті еңбек етіп, тіршілігін жасап жатқан халық өз мүмкіндіктерінен айрылып қалмауы керек» дейді.

Біздің елімізде коронавирустың алғашқы көріністері пайда болғанда жарияланған төтенше жағдай инфекцияның беталысын басқаруға мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда аурудың өсу қарқыны 8 пайызға төмендеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының пікіріне сәйкес, бұл көрсеткіш шектеу шараларын жеңілдету жолдарын қарастыруды бастауға болады дегенді білдіреді.

Мемлекет басшысы шектеу шараларының салдарын жеңілдетіп, халықтың тарықпауын қамтамасыз ету үшін кең ауқымды шешімдер қабылдап отыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел экономикасын қолдау мақсатында карантин шараларын жеңілдету бойынша мәлімдеме жасады.

28 сәуірден бастап өндірістік кәсіпорындардың, құрылыс және жол-құрылыс компанияларының, көлік компанияларының, бірқатар қызмет көрсету салаларының, екінші деңгейлі банктердің жұмысы қайта басталады. Сонымен қатар, өңірлер дайындықтарына қарай басқа да қызмет көрсетуші компаниялардың жұмыс істеуіне жол ашады. Бұл шаралар республика бойынша 530 мыңға жуық азаматтың жұмыс істеп, табыс табуына мүмкіндік береді.

Аталған шаралар халықты табыс көзінен айырмау, әлеуметтік жағдайдың төмендеуінің және жұмыссыздықтың алдын алуға бағытталған.

Карантин талаптарын жеңілдету шаралары алғашқы болып Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында 20 сәуірден басталып енгізілді. Осының арқасында 120 мыңнан астам адам өз жұмысына қайта оралды.

Дегенмен коронавирус қаупі әлі де сөйілген жоқ. Сондықтан қызметіне оралған барлық аталған мекемелерде санитарлық-эпидемиологиялық шаралардың толық сақталуы міндеттеледі. Әр қызметкердің дене қызуын өлшеу, бетперде мен қолына қолғап кию тәртібін сақтау жауапкершілігі ұйым басшылығына да, әр жұмысшыға да артылады.

Өңірлерде құрылған Жедел штабтары қызметке қайта оралған объектілерді қатаң бақылауға алады.

Сақтану шараларын орындау алдымен жұмыс берушілерге, сонымен қатар азаматтардың өздеріне де қатысты. Инфекцияның таралуын шектеу үшін төтенше жағдай кезінде тәртіпке бағынып, өзін де, өзгені де басын қатерге тікпей, үйінде отырған азаматтарымыздың қосқан үлесі зор.

Міне, соның арқасында бүгін азаматтардың үй айналасына шығып жүруге және саяжайларына баруына қатысты жеңілдік жарияланып отыр. Бұл – тәртіпті сақтаған қоғамның жетістігі.

Саяжайды өңдеу, жеміс-жидек, көкөніс өсіру – «қарапайым істер экономикасының» негізі, отбасылық бизнестің бастауы. Саяжай – бүгінгі әлемдік экономикалық дағдарыс кезінде табыс көзіне айналдыруға болатын шағын бизнес. Сондықтан, бұл санаттағы азаматтарға мүмкіндік жасау және олардан үлгі алу қажет.

Алайда осының барлығы сақтық шараларын қабылдау және қатаң сақтауға тікелей байланысты. Осы бағыттар бойынша тәртіп ережелерін қабылдау міндеті өңір басшыларына жүктеледі.

1 мамырдан бастап екі бас қала – Нұр-Сұлтан мен Алматының арасындағы әуе байланысы іске қосылды жарияланды. Бұл өте маңызды шара. Бірақ ескеретін жай – ұшаққа отыру үшін қолыңызда COVID-19-ға тапсырған тестінің ауру анықталмағаны туралы қорытындысы (анықтама мерзімі – 14 күн) болуы міндетті. Сонымен қатар, жоғарыда айтылған сақтық шараларын (дене қызуын өлшеу, бетперде, қолғап) орындау қажет.

# KÖKEIKESTI



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Бұл – карантиннен шығудың алғашқы қадамдары және міндетті шарттары.

Ендігі кезекте экономикалық белсенділікті кезең-кезеңімен ретке келтіру, азаматтар үшін қалыпты тіршілік жағдайларын жасау міндеті тұр.

Басқа ұйымдар мен мекемелердің жұмысқа кірісуі Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешімімен жүзеге асатын болады.

Осының барлығы Қазақстанның әр азаматының денсаулығын сақтауға бағытталған қауіпсіздік шаралары. Себебі, мемлекеттің негізі – халық, қоғам және оның денсаулығы.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Бірлесіп білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласында «Еліміздің ең үлкен байлығы – адам мен оның өмірі болғандықтан,

жұмыспен қамту. Көненен қалған «Балық берме, қармақ бер» деген кеңес бар.

ТМД елдерінің пандемия жағдайында қабылдап жатқан шараларының салыстырмалы сараптамасына қарағанда, жалпы шешімдеріміз негізінен үксес. Бірақ қазақстандық шаралар жиынтығында экономиканы стратегиялық міндеттер негізінде әрі қарай дамыту және қолдау қаралған. Біз осымен ерекшеленіп отырмыз.

Осы бағытта қабылданған құжаттың бірі – Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы.

Оның аясында 250 мыңнан астам азаматты жұмыспен қамтамасыз ету көзделді. Ол үшін 1 трлн теңге қарастырылды.

Азия елдерінде «Дүлей дауыл соққанда, қорған құрудың орнына, жел дірменін

## БІРЛЕСЕ КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ



**28 СӘУІРДЕН  
БАСТАП ӨНДІРІСТІК  
КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ,  
ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ  
ЖОЛ-ҚҰРЫЛЫС  
КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ,  
КӨЛІК  
КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ,  
БІРҚАТАР ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ  
САЛАЛАРЫНЫҢ, ЕКІНШІ  
ДЕНГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ  
ЖҰМЫСЫ ҚАЙТА  
БАСТАЛАДЫ. ӨНІРЛЕР  
ДАЙЫНДЫҚТАРЫНА  
ҚАРАЙ БАСҚА ДА  
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ  
КОМПАНИЯЛАРДЫҢ  
ЖҰМЫС ІСТЕУІНЕ ЖОЛ  
АШАДЫ. БҰЛ ШАРАЛАР  
РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША  
530 МЫҢҒА ЖУЫҚ  
АЗАМАТТЫҢ ЖҰМЫС  
ІСТЕП, ТАБЫС ТАБУЫНА  
МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.**

әрбір адам өзінің, отбасының, ата-анасы мен бала-шағасының өміріне, денсаулығына зор жауапкершілікпен, ерекше жауапкершілікпен қарауы керек. Өйткені ұлт денсаулығы – мемлекет қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі» дейді.

Естеріңізге сала кетейін, 2000 жылды, жаңа ғасырды қарсы алып жатқанда, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы «Нені армандайсыз?» деп сұраған тілшіге «Қазақстан халқының 15 миллионға жетуін армандаймын» деген еді.

Бүгін ол арман орындалды, халық саны 19 миллионға жақындады.

Біз бірлігі бекем халқымызбен, оның санымен, сапасымен – білімімен, мәдениетімен мықтымыз. Мемлекеттің бүгінгі де, болашағы да, жеңісі де, жетістігі де халқына байланысты.

Қазіргі әлемдік өркениеттің басына түскен жағдайға байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымының ұсынымдарында

салған жөн» дейді екен. Бұл – мүмкіншілікті қолдана білу туралы айтылған ой.

Біз де осы жолмен жүргенді дұрыс көріп отырмыз.

Аталған бағдарлама арқылы 6 506 жоба іске асырылады.

Тек әлеуметтік салаға қажетті жанадан 144 нысан салу көзделіп отыр. 1678 білім саласына қажетті мектептер, интернаттар, балабақшалар жөндеуден өтеді. Мұның бәрі болашағымызға қосылатын активтер, себебі бұл нысандар – ертен қаншама адамға тұрақты жұмыс орны болатын, халыққа қажетті қызметті ұсынатын, көптеген жылдар қоғамға қызмет ететін орындар.

Жаңа бағдарлама аясында Денсаулық сақтау саласына қажетті 264 нысан (ФАП, СДА, аурухана) салынады немесе осыны елді мекеннің халқы сапалы медициналық көмекпен қамтылады деген сөз.

23 сәуір күні Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев Нұр-Сұлтан қаласында 200 орындық жана инфекциялық аурухананы ашты. Айта кетерлік ой – бұл тәуелсіздік тарихында алғашқы рет барлық жаңа технологиялық мүмкіндіктерді қолдана отырып 2 апта ішінде салынған нысан. Қолдану мерзімі – 50 жыл.

Сәуірдің 25-не дәл осындай аурухана Алматы қаласында ашылды. Ендігісі Шымкентте іске қосылады.

Бұл – ұлт денсаулығына қатысты қауіпті азайту, халқымыздың жаны да, төні де сау болуына жағдай жасау мүмкіндігі.

Мәдениет саласы бойынша 301 ауыл клубы мен мәдениет үйлерін, 228 спорт кешенін салу және жөндеу жоспарланып отыр.

Бұл – халықтың рухани өсуіне, денсаулығын шынықтыруына жасалған мүмкіндік.

Сонымен қатар, әлеуметтік қамтамасыз ету бағытында 137 интернат, өрт сөндіру деполары мен халыққа қызмет көрсету орталықтарын, 39 тұрғын үй мен жатақхана салу көзделген.

Бұл – азаматтарымыздың басынаны болуы, жұмыспен қамтылуы, қауіпсіз өмір сүруі және қажетті құжатын қиналмай алуына жасалған алғышарт, жақсы мүмкіндік.

Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы саласында 390 сумен қамтамасыз ету, 218 газ және жылумен қамтамасыз ету, 171 электр жүйесі нысандары салынады.



**КОРОНАВИРУС ҚАУПІ  
ӘЛІ ДЕ СЕЙІЛГЕН ЖОҚ.  
СОНДЫҚТАН ҚЫЗМЕТІНЕ  
ОРАЛҒАН БАРЛЫҚ  
АТАЛҒАН МЕКЕМЕЛЕРДЕ  
САНИТАРЛЫҚ-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ  
ШАРАЛАРДЫҢ ТОЛЫҚ  
САҚТАЛУЫ МІНДЕТТЕЛЕДІ.**

«...бұл дағдарыстың бұрынғы болған экономикалық қиыншылықтардан табиғаты өзгеше. Әр мемлекет өзінің экономикалық дамуы мен қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етуді негізгі міндетіне айналдыруы тиіс» делінген.

Премьер-министр А.У.Маминнің басшылығымен Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссия халықтың әр санатына қатысты өзекті мәселелерді жеке қарап шешім қабылдап отыр. Негізгі мақсат – халықты



(Соңы. Басы 5-бетте)

Қалалар мен ірі облыс орталықтарының жылумен жабдықтау кәсіпорындарының техникалық жағдайын жақсарту, жылумен жабдықтау қызметтерінің сенімділігі мен сапасын арттыру, жылу желілеріндегі шығындарды азайту, сонымен қатар коммуналдық қызметтерді ұсынатын кәсіпорындардың тиімділігін арттыру арқылы жайлы өмір сүру мүмкіндігі.

Елді мекендердегі 489 көше, 267 астам саябақ, 130 балалар алаңын абаттандыру мен көгалдандыру қолға алынады.

Бұл – өмір сүретін жерімізді, әлеуметтік айналымызды жақсарту, өңірлерімізді дамыту, елді мекендерді жаңарту мүмкіндігі.

Осы жылдың соңына дейін республика бойынша 4 000 шақырым асфальт жол төселеді, 1,5 мың шақырым жолда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. 35 көпір мен бөгеттер жөндеуден өтеді.

Жол – мемлекеттің күре тамыры, одан қаншама артериялар тарайды. Оның барлығы – халықтың іскерлік қабілетін дамытып, шағын бизнестің дамуына бастау болатын мүмкіндік.

Мысалы, тек Қарағанды облысында облыстық және аудандық деңгейдегі 533 километр автожолды жөндеу қарастырылған. Нәтижесінде жолдың сапасы 84 пайызға жақсарды, 1500 адам жұмыспен қамтылады.

Қостанай облысы Жол картасын іске асыруға алғашқылардың бірі болып кірісті. Бүгінгі таңда жоспарланған 275 жобаның 129-ы бойынша конкурстар жарияланған. 58-і бойынша конкурс қорытындысы шығарылып, 6 жоба бойынша жұмыс басталды. Жоспар бойынша 13 435 жұмыс орны ашылады, соның 211-і бүгін іске қосылған.

Жол картасы шеңберінде Шығыс Қазақстан облысында ұлы ақынның 175 жылдығына арналған «Абай Құнанбаевтың үй-жайы кешені» жобасын, Түркістан қаласы бойынша Ясауи музейінің құрылысын іске асыру қолға алынып отыр.

Бұл – ұрпаққа рухани азық болатын, туризм арқылы елімізді әлемге танытатын ұзақ мерзімді, халыққа белсенді қызмет атқаратын жобаларды іске асыру мүмкіндігі.

Сондықтан, бұл жол картасын МҮМКІНШІЛІК ЖОЛЫ деп айтуға да болады.

Жалпы мемлекет тарапынан қабылданып жатқан шаралар нәтижесінде 1,1 млн жуық азаматты жұмыспен қамтамасыз етеміз.

Аталған жобаларды іске асыру үшін 90 пайыздай отандық өндірушілердің әлеуетін пайдалану міндеттеліп отыр. Егер қажетті



өндірістер бүгінде жоқ болса, оларды құру керек, мұның өзі ішкі бизнесті дамыту мүмкіндігі.

Негізі, пандемия әлемдік өркениеттің дамуын өзгертті. Әлем пандемияға дейінгі және кейінгі болып екі кезеңге бөлінді.

Коронавирус карантини барша мемлекеттерге сын сағатына айналды. Біз де сол сын сағатта 30 жылда атқарған жұмысымызды саралап, ел болып емтихан тапсырып жатырмыз. Жетістіктерімізді бағалап, кемшіліктерімізді саралап, тұжырым жасаудамыз.

Біріншіден, бейбіт өмірдің батырлары – ақ халатты абзал жандар, дәрігерлерге; біздің балаларымызға білім бұлағын ашып, әр үйдің еркесімен тіл табысып, оларға отаншылдық тәрбие беріп жүрген ұстаздарға; алғы шепте жүріп, алғашқы сокқыны өздеріне алатын әскери қызметтегі шекара, полиция, кеден қызметкерлеріне; халықты болып жатқан жаңалықтармен уақтылы таныстырып, қабылданған шараларды жеткізіп жүрген



**САҚТАНУ ШАРАЛАРЫН ОРЫНДАУ АЛДЫМЕН ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРГЕ, СОНЫМЕН ҚАТАР АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗДЕРІНЕ ДЕ ҚАТЫСТЫ. ИНФЕКЦИЯНЫҢ ТАРАЛУЫН ШЕКТЕУ ҮШІН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ТӨРТІПКЕ БАҒЫНЫП, ӨЗІНІҢ ДЕ, ӨЗГЕНІҢ ДЕ БАСЫН ҚАТЕРГЕ ТІКПЕЙ, ҮЙІНДЕ ОТЫРҒАН АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ЗОР.**

**СОНЫҢ АРҚАСЫНДА БҮГІН АЗАМАТТАРДЫҢ ҮЙ АЙНАЛАСЫНА ШЫҒЫП ЖҮРУГЕ ЖӘНЕ САЯЖАЙЛАРЫНА БАРУЫНА ҚАТЫСТЫ ЖЕҢІЛДІК ЖАРИЯЛАНЫП ОТЫР. БҰЛ - ТӨРТІПТІ САҚТАҒАН ҚОҒАМНЫҢ ЖЕТІСТІГІ.**

## БІРЛЕСЕ КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

**ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТТІҢ БАСЫНА ТҮСКЕН ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ БІРІККЕН ҰЛТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫМДАРЫНДА «...БҰЛАҒДАРЫСТЫҢ БҰРЫНҒЫ БОЛҒАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚИЫНШЫЛЫҚТАРДАН ТАБИҒАТЫ ӨЗГЕШЕ. ӘР МЕМЛЕКЕТ ӨЗІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ МЕН ҚАРЖЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ НЕГІЗГІ МІНДЕТІНЕ АЙНАЛДЫРУЫ ТИИС» ДЕЛІНГЕН.**

журналистер қоғамына деген ризашылық ниет, адами алғыс, сыйластық артты. Баршасына рахмет.

Екіншіден, білім мен ғылымның сапасын арттыру; цифрлық қызмет көрсету бағытын жетілдіру, халықты оны қолдануды үйрету; қашықтықтан қызмет көрсету саласын кеңейту; отандық ішкі бизнес жүйесін қалыптастыру сияқты бағыттарда атқаратын жүйелі жұмысты жоспарлау және іске асыру міндеттері айқындалды.

Бұл жағдай болашағымыз үшін қажетті бағыттарды нақтылады.

Үшіншіден, өмірімізге қажетті қағидаттарды анықтады – ұқыптылық пен үнемшілдікке үйрену, қолда бардың қадірін білу, тәртіпті тәрбиенің негізіне айналдыру қажеттілігін түсіндірді.

Төртіншіден, Қазақстанның әр азаматы елі, халқы, мемлекеті және өзі, отбасы үшін жауапты екенін тереннен ұқты.

Елбасының үндеуімен «БІРГЕМІЗ» қоры құрылып, елдегі ауқатты азаматтардың қолдауымен 23 млрд теңгеден астам қаржы аударылды. Қор арқылы 362 мың отбасына 50 мың теңгеден көмек көрсетілді; әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына 5 млн маска таратылды; алғы шепте жүрген 2 112 дәрігерге қаржылай көмек берілді.

Осы бағыттағы жұмысты іске асыруда, карантинге қарамастан, мыңдаған жастар еріктілер қатарында белсенді қызмет атқарып жүр.

Мәдениет пен өнер саласының қызметкерлері әлеуметтік жүйе

аманаты; аяқ аманаты; жүрек аманаты; бас аманаты.

Осы аманаттардың барлығы бүгінгі таңда әрқайсымыздың алдымызда тұр.

Көз аманаты – халық үшін жасалып жатқан жақсылықты көру білу, бағалау. «Бірін бірі батыр» дейтін халықтың ұрпағы мұны жақсы түсінеді.

Құлақ аманаты – халықты аман сақтау үшін айтылып жатқанды тыңдап, үндеп жатқанды қолдау. «Еститін мемлекеттің» негізгі қағидасы осы – бірін-бірі тыңдай білу.

Тіл аманаты – жақсы сөз сөйлеп, жабырқағанды жадирату, жақсылықты тарату. «Жақсы сөз – жарым ырыс» екенін ата тарихымыз дәлелдеген. Жалған ақпаратқа емес, ресми ақпаратқа сену.

Қол аманаты – ізгілікке сүйеуші, қиналғанға демеуші болып қол ұшын беру. Бүгінгі таңда қаншама қоғамдық қорлар мен еріктілер жұмыс істеп жатыр. Соларға және ізгілікті істерін жария етпей істеп жүрген абзал азаматтарға алғыс айту.

Аяқ аманаты – өз халқымен бірге аяқ басып, қажетті шектеуде қадамыңды қысқартып, ақ жолдан таймау. Шетелге қыдырып кетіп, қиын кезде қосымша мәселе, керексіз шығын шығартып отырған жандарға құлаққағыс.

Жүрек аманаты – қаның да, жаның да таза ұстау. Уайымға берілмей, денсаулығына, ақыл-ойына жауапты болу.

Бас аманаты – өз аمانдығына, отбасың мен қоршаған әлеуметтік ортана, ел аمانдығына деген жауапкершілік.



арқылы мұражайларға экскурсия, жеке шығармашылық концерттерін ұйымдастырып, халықтың көңілінен шығып отыр.

«Бірлесе көтерген жүк жеңіл» деген сөз осы болар. Бүгін қоғам болып бас қоса атқарып жатқан осы шараларымыз болашағымызға негіз болатыны анық.

Қазақтың салт-дәстүрі және оның ғылыми негіздері жинақталған «Ағаш бесіктен жер бесікке дейін» (А.Нусіпқасұлы, Ә.Жапарұлы) деген кітапта АМАНАТ деген киелі ұғым терең түсіндірілген. Осы ұғым адамға артылатын жауапкершіліктің негізі екен.

Атадан қалған 7 аманат келесі – көз аманаты; құлақ аманаты; тіл аманаты; қол

«Аманатқа қиянат қылма» деген бабаларымыздың қағидасы бүгін біз үшін өте маңызды.

Бүкіләлемдік экономиканың 2,8 пайызға құлдырауына әкеліп соққан дағдарыс біздің беріктігімізді сынаққа салуда.

Бүгінгідей қиын-қыстау кезеңде бізге ынтымақ пен ауызбіршілік, кендік пен кеменгерлік, сабырлық пен іскерлік қажет.

Елбасы мақаласында «Бұл – бүкіл әлем мемлекеттеріне түскен зор ауыртпашылық. Біз оны осындай сын сағатта сенігің тигізетін халқымыздың төзімділігі, ерік-жігері және өзіне деген зор сенімі арқасында міндетті түрде жеңіп шығамыз. Ол үшін бізге қажетті нәрсе – қаржы-қаражат, материалдық ресурс, техника, азық-түлік – бәрі бар. Алаңдайтын, әбіржытын еш негіз жоқ» делі.

Иә, берекеміз ауызбіршілікте, ырысымыз ынтымағымызда! Біз қашанда біргеміз!

**1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Мұндайда Елбасының «Біз еліміздегі алуан түрлі мәдениеттердің, барлық тілдер мен дәстүрлердің бәрі де өркендеп келе жатқанын көріп отырмыз. Біз – біртұтас халықпыз, бір-бірімізді құрметтейміз әрі жақсы көреміз, ортақ Конституция мен заңдарға бағынамыз. Бір-бірімізді құрметтеп, достық қарым-қатынаста болу – зор бақыт. Осы бірлігімізді сақтап, бақытымыздың қадірін білейік» деген ұлағатты сөзі еске түседі. Тұңғыш Президент Қазақстан халқы Ассамблеясын құрып, еліміздегі барлық этнос өкілінің емін-еркін, мамыражай тіршілік етуіне, ана тілін, ата салтын сақтап қалуға бар жағдайды жасады. Бұл қадамдар бүгінгі Қазақстанды тыныштық пен келісімнің құтты мекеніне айналдырды. Оны еліміздегі өзге ұлт пен ұлыс өкілдері де терістемейді. Қайта алғыспен жеткізеді. Сондықтан мереке қарсаңында аймағымыздағы бірқатар этнос өкілдерімен кездесіп, осы жайлы сұрап көрген едік.**



## ОРТАҚ ТАҒДЫР БІРІКТІРГЕН

**Аида ӘЛІМБЕРДИЕВА,**  
Алматы облыстық өзбек этномәдени орталығының төрайымы:



— «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген атам қазақ. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. Сондықтан да «Береке бастауы — бірлік, ел іші — тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін Қазақстан

халқының бірлігі күнінің орны ерекше. 1995 жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феноменіне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Бүгінде Ассамблея этносаралық келісімді, қоғамдағы жатынбаушылықты және халық бірлігін одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасауға септігін тигізеді. Сонымен қатар ҚХА мемлекеттік мекемелердің экстремизм мен радикализмге қарсы әрекет етуіне, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек береді. Ассамблея этномәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеті, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын және дамуын жеделдетеді.

Бүгінде әрбір ұлттың салт-дәстүрін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық жасалуда. Осының бәрі Елбасының қоғамдағы азаматтық ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау стратегиясын дұрыс тандап, ұлтаралық қатынастарды реттеудің тиімді тетіктерін жасай білуінің арқасында.

Қазақстан халқының бірлігі күні біз үшін негізгі мереке. Бірлігіміз жарасып, еліміз тыныш болып, татулықта, бейбіт өмірде күн кешейік! Мереке құтты болсын!

**Руфина УСАНОВА,** Алматы облыстық «Туған тел» татар этномәдени орталығының төрайымы:



— Әлемдегі болсын, Қазақстандағы болсын, әр халықтың өзіне тән, сан дәуірдің сынағынан өткен әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі бар. Сол құндылықтар арқылы әр ұлт немесе ұлыс өзінің ұлттық бейнесін қалыптастырды. Қасиетті қазақ жері - береке мен бірліктің, ынтымақ пен ырыстың құт мекені. Бүгінгі таңда елімізде өркендеп-өсіп, ұрпақ өрбітіп, ұлттық болмысын тереңдетіп отырған әр ұлт пен ұлыстың өз тарихы бар. Олардың дені тоталитарлық жүйенің қысымымен атажұртынан ауа көшіп, қазақ жеріне тұрақтаса, кейбірі өз еріктерімен еркіндік сүйгіш қазақ топырағына келіп, тамыр тартқандар. Олардың ешқайсысын бауырмал қазақ халқы кеудесінен итерген жоқ. Кең құшағын ашып, бауырына қысты. Ысырылып орын беріп, сыпайылық танытты. Ұрпақ өсіріп, ұлттық мәдениетін өркендету мен салт-дәстүрін жаңғыртуға қолда бар мүмкіндіктерді жасалды. Сондықтан біздің ең үлкен байлығымыз — тұрақтылық пен ынтымақ деп білемін.

**Светлана ГАИТОВА,** Алматы облысының Құрметті азаматы, Қазақстан халқы Ассамблеясының ардагері, «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің төрайымы:



— Адамзат баласы ежелден ізденіп, армандаған жеруілік мекен ынтымағы жарасқан, табысы мол, болашағы жарқын біздің Отанымыз Қазақстан Республикасы деп ойлаймын. Шынында да біз, қазақстандықтар, ең бақытты халықпыз. Себебі, 130-дан астам түрлі этнос өкілдері қазақтың дархан даласында біртұтас ел болып, достықта, бейбітшілікте тату-тәтті өмір сүріп келеді. Мынадай бір тәмсіл бар. Біреулер Бақыттан «қайда барасың?» деп сұрағанда, ол: «Ынтымағы жарасқан елге барамын!» деген екен. Міне, біз сондай ынтымағы жарасқан елміз.

Елбасы бір сөзінде: «Өз жерінде, өз елінде жүріп қазақтай зардап шеккен ешқандай халық жоқ» деп айтқан еді. Тарихқа көз жүгірсек, осы ұлан-ғайыр даланы сақтау үшін қазақ баласы тағдырдың тезіне, өлімін өзине барды. Қазіргі қазақ елінің өз төбесінде, әр тасында, әр ауылында, әр адамының жүрегінде сол қилы заманнан қалған жаракаттың ізі бар. Сондықтан қазақ халқы ешқашан басқалардың өміріне сондай жаракат салғысы келмейді. Қайта ақпейілділігімен, қонақжайлылығымен барлық ұлтты бауырына тартып, бейбіт өмір сүруіне мүмкіндік берді.

Елбасы Ассамблеяның кезекті бір сессиясында сөйлеген сөзінде: «Біз жеріміздегі бейбітшілік пен келісімге үйреніп кеткеніміз соншама, оны күнделікті жұтып жүрген ауа сияқты аңғармайтын болғанбыз» деген еді. Расында, шетелде біздегі татулықты «қазақстандық ғажайып» деп қабылдайды.

### ТҮЙІН

*Тауелсіздік туын нық ұстап, тең тартып келе жатқанымызға 30 жылға жуықтады. Осы уақытта біз еңсесі биік елге айналдық. Елімізді отаным деп танып, өсіп-өрбіген ұлттар мен ұлыстары да бауырымызға тартып, барыша қолдау көрсеткенімізді дарханлығымыздың бір парасы деп ұғынамыз. Бұл дархандық бұдан былай да өз жалғасын таба береді.*

## БЕРЕКЕ-БІРЛІК ҚИЫНДЫҚТА СЫНАЛАДЫ

«Бірлік болмай тірлік болмас», «Бірлік түбі – береке» деген қазақ халқының қанатты сөздерінің мән-мағынасы бүгінде арта түскендей. Қашаңда татулықты, достықты, ынтымақты дөріптеп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып келген халқымыздың бүгінгі қиын кезеңде бірігіп, мұрат-мүддені тоғыстыратын сөті тұр.

Қазақстанға ғана емес, жаһанға қауіп төндірген коронавирус індеті күн өткен сайын өршіп барады. Дертті жұқтырушылар саны артып, қайғылы жағдайға душар етіп жатқаны да аз емес.

Елімізде бұл індеттің таралуына жол бермеу мақсатында дер кезінде қажетті іс-шаралар қабылданды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан аумағында төтенше жағдай жариялап, дүрбелең тудыруға жол бермейтіндігін баса айтқан болатын: «Біз дүрбелең тудыруға жол бермейміз. Дәл осы кезде халық мемлекетке қолдау көрсетуі керек. Бұл — аса маңызды.

Коронавирус — батпандап кіріп, мысқалдап шығатын қауіпті дерт. Дегенмен, біз індетке шалдыққан адамдарға барлық қажетті көмекті көрсетеміз», — делі.

Мемлекет тарапынан қойылып отырған уақытша шектеулер мен дөрігерлердің нұсқаулықтарын орындау қажеттігін әр азамат өз отбасы мүшелеріне түсіндіріп отырса, қауіпті тез-ақ еңсеріп шығарымыз хақ. Төрткүл әлемге қауіп төндіріп отырған дертке немқұрайлықпен қарамай, өзіміз үшін де, өзгелер үшін де сақтық шараларын қарастырып абзал дер едім. Адамдардың денсаулығы үшін жасалып отырған осынау іс-шараларға түсіністікпен қарап, әр азамат жауапкершілікті сезінсе, кез-келген қиындықтан өтуге болады.

Тұңғыш Президентіміз — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз мақаласында: «Қазақстан қауіпті дерттің алдын алуға әлем елдерінің ең алғашқыларының бірі болып кірісті. Тиісті сақтандыру

шаралары жасалды. Мемлекеттік органдар арнаулы дайындықтан өткізілді. Өзге елдерде вирус қалай пайда болып, пандемия қалай өрбіп, өршігені бақыланды. Соның нәтижесінде індеттің етек алып кетуіне мүмкіндігінше жол берілмей, ахуал күн сайын тұрақты назарда ұсталып



отыр. Жағдайды оналту үшін көп жұмыс істелді, әлі де талай шаруа атқарылатын болады. Игі мақсаттағы іс-шаралардың бәріне жер-жерлерде бүкіл халық болып қолдау көрсеткеніміз жөн» деп мемлекетіміздің бұл қиындықтан шығу үшін бермейтіндігін баса айтқан болатын: «Біз дүрбелең тудыруға жол бермейміз. Дәл осы кезде халық мемлекетке қолдау көрсетуі керек. Бұл — аса маңызды.

Осынау сын сағатта еліміздің жомарт жандары қол ұшын созып, мұқтаж жандарға көмек көрсетуде. Отандық дөрігерлер індетпен күн-түн демей күресіп, бар-күш-жігерін науқастардың айғырып кетуіне жұмсауда. Құқық қорғау саласының мамандары да қауіпсіздікті сақтау жолында жан аямай күресуде. Бірлігіміз бен ауызбіршілігіміз сыналатын тұста бір-бірімізді қолдап, мемлекет тарапынан атқарылып жатқан іс-шараларға түсіністікпен қарасақ және барлығымыз соған өз үлесімізді қоса білсек деймін.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, әрбіріміз жауапкершілік жүгін аркалап, әр іске ыждағаттылықпен қарағанда ғана әлемді дүр сілкіндірген дертті ауыздықтай алатынымыз сөзсіз. Береке-бірлік осындай қиындықта керек. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Үсейін КАСАНОВ,**  
Алматы облыстық мәслихатының депутаты

Текелі қаласындағы балалар шығармашылық орталығы моноқаласындағы әр ұлт балаларының арманын ұштап, жігерін жанып, өмірге талпындырумен келеді. Әсіресе, осы орталықтағы ұстаздар атқарған әрбір іс шәкірттерінің жетістігі арқылы тұрғындардың ризашылығына бөленуде. Аталған орталықтың іргесі 1961 жылы қаланған. Содан бері қаладағы талай баланың шабытын серпілтен орталықта қазақ және орыс тілдерінде білім үйретіледі. Жалпы, музыкалық, көркемсурет бөлімі мен үйірме жұмысын өз кәсібін жетік мамандар жүргізеді. Әсіресе, бұл орталықтың көркемсурет бөліміндегі балалардың жетістігі көңіл қуантады.

## ЖАС СҮРЕТШІЛЕРДІҢ ЖЕТІСТІГІ

Айталық, жыл басында Алматы қаласындағы Арт-студиясының ұйымдастыруымен өткен «Қысқы қиял» Халықаралық балалар шығармашылығы байқауында орталықтың көркемсурет бөлімінің бірнеше тәрбиеленушісі жүлделер атанып, өздерінің шеберлігін әйгіледі. Аталмыш байқауда бас жүлдені Тамара Жылқыбаева — Каролина Лысенко, Александр Клочков және Дәниал Жылқыбаев жеңіп алды. Бірінші орынды Валерия Бухмиллер (жетекшісі Анна Кувычко) және Таисия Лысенко (Т. Жылқыбаева) иеленді. Екінші орын Лияса Саметаев (А. Кувычко). Үшінші орынды Т. Жылқыбаева, Варвара Бабусина, Алина Трофимова мен Наталья Бахтигузина, сондай-ақ



Виктория Гаранина (А. Кувычко) мен Нұржанат Айбарыс (жетекшісі Анар Ақылбекова) қанжығасына байланды. Аталған жүлделерлер диплом және сертификаттармен марапатталды, жеңімпаздарға сыйлықтар табыс етілді. Оқытушылар балаларды байқауға жақсы дайындағаны үшін Алғыс хаттарға ие болды.

Жуырда орталықтың балалары тағы да Алматы қаласындағы Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы жанындағы лицей ұйымдастырған республикалық байқауға қатысып, ел үмітін үкілеп қайтты. Байқаудың талабы бойынша балалар туған елге арналған өз суреттерін жіберді. Жұмыстар әділ қазылар алқасының жақсы бағалауына ие болды. I дәрежелі



дипломмен Каролина мен Таисия Лысенко, Дәниал Жылқыбаев, Әлімұр Ибраимов марапатталды. II дәрежелі дипломдарға Алина Хан, Алина Трофимова және Варвара Бабусина ие болды.

Жыл өткен сайын кемелденіп келе жатқан орталықтың алдағы жетістігі аз болмайтыны анық. Ең бастысы, бұл орталық әр ұлт балалары жиналған

және олардың ортақ еңбек етіп, жеңіске бірге ұмтылатын берекесімен де ерекшеленеді. Демек үлгілі істері арқылы ынтымақ пен береке, ортақ еңбек бар жерде алынбайтын қамал болмайтынын дәлелдеп үлгерді.

**Қажет АНДАС,**  
Алматы облысы бойынша менішкі тілші



кабылданып жатсаң, ақшанды қайтарамыз. Түсе алмасаң, өз ақшанмен кері қайтасын», — деп ескертті.

Осылай арман қуып Алматыға келдім. Қызылордалық 13 баланы №9 ықшамаудандағы көпқабатты үйге орналастырды. Бір апта бойы дайындықтан өткізді. 13 баланың ішінен үшеуіміз қабылдандық. Мені тіпті Мәскеуге алып кетпекші болды. «Бір ауыз орысша білмеймін. Осы жерде оқи берейінші», — деп жылап, әрен қалып қойдым. Міне, менің өнер әлеміне деген алғашқы қадамым осылай басталды. Алматыға алғаш келген күндерім қызыққа толы еді. Студент атанып, сабақтан кейін жатақханаға қайтуымыз керек. Үлкен каланың көшелерін дұрыс білмеймін. Тек жатақхананың «Сәлем» деген дүкеннің жанында екенін білемін. ЦУМ жақтан №9 ықшамауданға қарай такси ұстауым керек. Бір ауыз орысша білмеймін. Қол көтеріп елім бір көлік тоқтады.

— Здрастуйте, — деймін таксистке.  
— Здрастуйте, — дейді ол.  
— Вам куда? — деді сосын ол менен адресі сұрап.



## Атбайлар



Атбайлар (ғұрып). Жас отаудың шаңырағы көтерілген соң ағайын туыстары оған шашу шашып, «керегесі кең болсын», «босағасы берік болсын» деген тілек айтады. Байғазы береді. Ет жақыны босағаға жылқы байлайды. Мұның аты «атбайлар».

«Атбайлардың» екінші түрі кәде. Құда құдағилар келгенде немесе күйеу қалыңдығын алуға келгенде олардың жеңгелері алдынан шығып түсіріп алып, атын байлайды. Бұл «атбайлар» деп аталатын той салты. Оған арнайы кәде беріледі. Ол кәдеден тағы бір әйел тәбарік сұрайды.

**БАЛА БҒЫЙНЕ**

Мен 1954 жылы желтоқсан айының 12 жұлдызында Қызылорда өңірінде дүниеге келдім. Туған жерім Жалағаш ауданының Аққыр ауылы. Аққырдың арғы жағында Қызылқұм деген жер бар. Арғы беті Өзбекстанмен шектеседі. Балалық шақ демекші, еркін далада асыр салып өскен кезім әлі көз алдымда. Әке-шешем мал баққан қарапайым шаруа адамдары. Малшы үйде өскеннен кейін алты жасымнан атқа үйір болдым. Аттың құлағында ойнадым. Әсіресе, жадымнан кетпейтін сәт ол — мал төлейтін уақыт. Қозылар көктем келе асыр салып ойнайды. Сол



болдық — дедім.  
— Әй, үндеу көтерген Сәуленің өзі оқуға кетіп қалды ғой, — дейді

шештім. Бір күні шопыр танысымыз кездесіп:  
— Әй, Сағат, сен «Оқуға барамын. Өнердің оқуына түсемін» — деп жүр едің ғой, — деді.  
— Иә, бірақ біз бәріміз ауылда қалатын

### Сағат ЖЫЛГЕЛДИЕВ,

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі:

## «Магазин здрастуйте» барамын деп...

қозылармен бірге киіктің лағы да қатар жүретін. Қозылар секірсек, олармен бірге біз балалар да секіреміз. Қойшының балалары ол кезде интернатта оқиды. Мен де 10 жыл бойы интернатта оқыдым. Тек екінші сыныпта Кармақшы ауылына қоныс аударып, туыс ағайынымның үйінде тұрып оқыдым. Туысымыздың үйі теміржол бекетіне жақын болатын. Ондай үйде жатып, оқып көрмеген, далада өскен бала болған соң, үйде отыра алмаймын. Далада қашып жүремін. Баратын жерім теміржол бекеті. Ол жерде 16-17 жастағы жігіттер колдарында баян, гитара, домбыра алып ән салып, достарын Алматыға шығарып салып тұрады. Мен оларға қарап «Шіркін-ай, мен қашан ер жетер екенмін!» — деп армандайтынмын.

Мектепті аяқтағаннан кейін бізді бірден оқуға жібермейтін. Бір жыл комсомол бригадасында қалып жұмыс істейміз. Сәуле Бердәулетова деген кластасым болған, совхоз директорының қызы еді. Сол қыз ауылда қаламыз деп үндеу тастады бәрімізге. Сөйтіп, мен әкемнің қасында мал бағып қалуды

әлгі кісі. Соны ести сала, әкеме барып аттестатимды алуын өтіндім. Ерtesі аттестатимды бетіме лақтырып: «Мына аттестатпен сен қандай оқуға түскелі жүрең?» — деді. Ашып қалсам, ылғи «үштік». Кейбірі тіпті «екілікке» де ұқсап тұр. «Музыка», «дене шынықтыру», «әдебиет» деген сияқты пәндерден ғана «5» деген баға бар екен. Сол тұста «Қызылордада Әуезов театрынан адамдар келіп, талапкерлерді таңдап алып жатыр екен» дегенді естіген болатынмын. Аттестатимды қолыма алып, апыл-ғұпыл Қызылордаға ұштым. Нартай Бекежанов атындағы театрда Алматыдағы Әуезов театрынан келген Мәнұар Абдуллина деген кісі үміткерлерді қабылдап жатыр екен. Негізі 12 бала қабылдануы керек екен, мен 13-ші бала болып тандаудан өттім. Бірақ маған «Сағатжан, сен Алматыға өз ақшана барасың, оқуға




Мәгазин «Здрастуйте» — деймін.  
— Здрастуйте, — дейді ол қайтадан. Осылай 3-4 көлікті жіберіп алдым. Тек біреуі мені түсінген болу керек. «Магазин здрастуйте» — дегенімде. «Магазин Сәлем» деп бірден түсінді.

Орыс тілін білмейтін ауыл баласына ол кезде қиын болғаны рас. Тіпті асханаға кіріп менюді айтудың өзі мен үшін қиын болатын. Бірде асханаға кіріп, тамақ алғым келіп тұр. Алдымдағы адам қандай тамақ айтатынын естіп алып, менде соған тапсырыс беремін. Бірде алдымда тұрған жігіт «гуляш» деген тамақ алды. Дұрыс естімей қалсам керек, кассаға келген кезде, «что вам» десе, Гуляшты айта алмай «Күләш» дептім. Бірде айран алып ішкім келді, бірақ сол айранның «кефи» екенін білмеймін. Балалық шақ дегенде осындай алаңсыз күндерім есіме оралады.

Жазып алған Мақпал НОҒАЙБАЕВА

## Аушадияр



Аушадияр (ғұрып). Үйлену тойы кезінде айтылатын дәстүрлі өлең, жыр. Және жай өлең емес, өзіндік айтылар әні, ерекше ұлттық тәрбиелік маңызы бар. Көркем шығармашылықпен айтылатын той көркі, салтанат сән, өнегелі өнер. Мұны іздеп тауып өмірге әкелген жазушы Уахап Қыдырханов екен. Аушадияр жырының үлгілерін шетелдегі қазақтар сақтап, бізге жеткізген.



## Бізкестемен көркемделген өнер

Кесте тігу — қазақтың сан мың жылдан бергі сурет өнері. Қолөнердің көркем, эстетикалық түрі. Айнұр Өмірзаққызы — суретшілер отбасында туып өскен, бала жасынан кесте өнерінің қыр-сырына қаныққан қыз. Әкесі Өмірзақ пен анасы Калемхан да осы өнерді кәсіп еткен жандар. Сіңілісі Гүлназым да талантты суретші. Суретшілер әулетінде салынған, бізкестемен тігілген картиналар биыл Кипрдағы жаңа музейге қойылады.



БАСПАСӨЗ – 2020

## JAS QAZAQ газетін оқи жүріңіздер!

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі!

Жазылу индексі 65032



Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

### Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

### Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші  
Әбдіманап КЕНЕС — жасстар және ғылым  
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш  
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

### Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)  
Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)  
Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)  
Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)  
Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы  
Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)  
Талғатжан МҰХАМАДИЕВ — Шығыс Қазақстан облысы

Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА

### Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

### Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)  
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25  
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)  
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54  
Тапсырыс — №2205;  
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Ай-Астана» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VRY00020470 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.